


БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тіл: Қазақ

Шығарылған күні: 11/01/2024

Жұмыс тобы (сарапшылар):

Лауазымы	ТАӘ	Қолтаңбалар
Академиялық жұмыс департаментінің директоры	Аркен ШАНЛЯЯКОВ	
Әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің бастығы	Асель МОЛДЫБАЕВА	

КЕЛІСІЛГЕН (қолтаңба, дата)		БЕКІТІЛГЕН (қолтаңба, дата)
Академиялық қызмет жөніндегі проректор Кайрат ЖАКУПОВ  08.01.2024	Деректерді басқару және сапа орталығының басшысы Алия ХАЙРБЕКОВА  08.01.2024	Басқарма Төрағасы – Ректор Бекен СЕЙДАХМЕТОВ  11.01.2024



ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Басылым нөмірі	Ревизия нөмірі	Дата	Өзгертілген беттердің нөмірлері	Жауапты тұлғаның ТАӘ	Қолтаңба
1	0	11.01.2024	Барлығы	А. Шанлаяков	

МАЗМҰНЫ

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	2
ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗУ, ӨЗІРЛЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ	3
ТАРАТУ АДРЕСАТТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ	3
ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР	4
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР ЖӘНЕ СІЛТЕМЕЛЕР	7
1 тарау. Жалпы ережелер	7
2 тарау. Білім беру бағдарламасын жобалау және әзірлеу	8
3 тарау. Білім беру бағдарламасының құрылымы және мазмұны	10
4 тарау. Білім беру бағдарламаларын сараптау	14
5 тарау. Қосымша білім беру бағдарламалары (Minor)	14
Қосымша 1 Оқыту нәтижелерін тұжырымдау кезінде колдануға болатын етістіктердің үлгілік тізімі	17
Қосымша 2 Білім бері бағдарламасының макеті	18
Қосымша 3 Сараптамалық қорытындылардың нысандары	26
КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ	28
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	29



ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗУ, ӨЗІРЛЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

Осы Білім беру бағдарламаларын әзірлеу ережелеріне (бұдан әрі - Ережелер) қажеттілігіне қарай және мазмұнын жаңарту мақсатында ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫНДА тіркелетін түзетулер/өзгерістер енгізіледі.

Түзетулер/өзгерістер енгізу қажеттілігі келесідей жағдайларда орын алуы мүмкін:

- 1) оқу әдістемелік қызметті регламенттейтін білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге ҚР ҒЖБМ-нің енгізген өзгерістері мен толықтыруларын енгізу;
- 2) Ережеде сипатталған рәсімдерді, Академияның ұйымдық құрылымын және т.б. өзгерту.

Ережеге кез келген түзету ревизиялар (Revision) түрінде ресімделуі тиіс. Барлық тексерулердің күні, нөмірі болуы керек және оларды Академия Басқармасының Төрағасы - Ректор (бұдан әрі - Ректор) бекіткеннен кейін 5 күн мерзім ішінде енгізілуі тиіс. Барлық түзетулер ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫНДА тіркеледі және өзгерістер орнының тік сызығымен белгіленген беттерді ауыстыру жолымен енгізіледі (сол немесе оң жақта). ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕРДІҢ өзектендірілген ТІЗБЕСІ Академиялық қызмет жөніндегі проректормен келісіледі және оны Академия Ректоры бекітеді. Академия Ректорының ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗБЕСІН бекіту күні Ережелерге Ревизияларды қолданысқа енгізу күні болып табылады.

Ережелердің өзектілігін талдау 3 жылда 1 рет жүзеге асырылады және қажет болған жағдайда тиісті өзгерістер енгізіледі.

Қажет болған жағдайда Ереже қайта қаралуы мүмкін (жекелеген беттердегі ревизиялардың көптігін болдырмау мақсатында - 5-тен астам, беттердің жалпы санының 20% -дан астамы, ұйымның атауының өзгеруі және т.б.). Мұндай жағдайларда Ережелердің жаңа басылымдары енгізіледі. Академия ректорының ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗБЕСІН бекіту күні Ережелерді қолданысқа енгізу күні болып табылады. Ереженің жаңа басылымының реттік нөмірі болады және ревизия 0 (Rev.0) деп жазылады.

Осы Ережелердің түпнұсқасы ДБЖСО-нда сақталады. Ереженің өзектендірілген көшірмесінің электрондық нұсқасы Академияның электрондық базасына барлық мүдделі тұлғалардың Академияның жалпы файл серверінде пайдалануы үшін қойылады.

Барлық бөлімдердің басшылары өз бөліміндегі персоналдың Ережедегі ревизиялармен/өзгерістермен уақтылы танысуы үшін жауапты болады.

ТАРАТУ АДРЕСАТТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

№	Сақтау	Ескерту
1	ДБЖСО басшысы	Түпнұсқа
2	АЖД, кафедралар	Скан/Электрондық көшірме



ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ережелерде мынадай қысқартулар пайдаланылады:

- 1) Академия – «Азаматтық авиация академиясы» АҚ;
- 2) ААТ – Авиациялық ағылшын тілі;
- 3) АЖД – Академиялық жұмыс жөніндегі департамент;
- 4) АК – Академиялық кеңес;
- 5) АК-т – Академиялық комитет;
- 6) АТТ – Авиациялық техника және технология;
- 7) АТҰЛ – Авиациялық тасымалдарды ұйымдастыру және логистика;
- 8) ӘҚЕБ – әдістемелік қамтамасыз ету бөлімі;
- 9) ӘКҰП – Әуе кемелерін ұшуда пайдалану;
- 10) БББ – білім беру бағдарламасы;
- 11) БББТ – білім беру бағдарламаларының тобы;
- 12) БП – бейіндеуші пәндер;
- 13) ДБЖСО - Деректерді басқару және сапа отралығының;
- 14) ЖББП – жалпы білім беру пәндері;
- 15) ЖК – жоғары оқу орнының компоненті;
- 16) ЖООК- жоғары оқу орны;
- 17) ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі;
- 18) КС - кәсіби стандарт;
- 19) МЖМББС – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары;
- 20) МК – міндетті компонент;
- 21) НП – негізгі пәндер;
- 22) ОН – оқу нәтижелері;
- 23) ПОҚ- профессорлық-оқытушылық құрам;
- 24) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;
- 25) ТК – таңдау компоненті;
- 26) ҰБШ - Ұлттық біліктілік шеңбері;
- 27) ЭПК – элективті пәндердің каталогы;
- 28) soft skills - икемді/жұмсақ дағдылар.

Осы Ережелерде мынадай негізгі терминдер және анықтамалар пайдаланылады:

- 1) Академиялық кредит - білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің бірыңғай өлшем бірлігі;
- 2) Бакалавриат - кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті БББ бойынша «бакалавр» дәрежесін беретін, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;
- 3) ЖК - ЖОО белгілеген және білім алушылар міндетті түрде оқыту бағдарламасы бойынша оқитын оқу пәндерінің және кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі;
- 4) Дескрипторлар (descriptors) - білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейінің (сатысының) БББ оқуды аяқтағаннан кейін алған білімдерінің, іскерліктерінің, дағдылары мен құзыреттерінің деңгейі мен көлемін сипаттау.;
- 5) Қосымша БББ (Minor) - қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушыларға оқу үшін айқындалған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы;



6) Докторантура - жоғары оқу орнынан кейінгі білім, БББ философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталады, міндетті түрде кемінде 180 академиялық кредит игеріледі;

7) Білім - оқыту және жеке тәжірибе арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқыту немесе жұмыс саласына жататын фактілер, қағидаттар, теория және практика жиынтығы, сондай-ақ міндетті түрде бағалануы тиіс біліктілік компоненті;

8) ЭПК - оқу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдерін) және күтілетін ББН (білім алушылар алатын білім, іскерлік, дағдылар мен құзыреттерді) көрсете отырып, олардың қысқаша сипаттамасын қамтитын барлық жоғары оқу орнының пәндері мен таңдау пәндерінің, сондай-ақ ТП тізбесін жалғастыратын Minor жиынтық пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізбесі;

9) Құзыреттілік - оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті;

10) ТК - кез келген академиялық кезеңде олардың пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, білім алушылар дербес таңдайтын ЖОО ұсынатын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең аз көлемдерінің тізбесі;

11) Бағалау критерийлері - оқыту нәтижесінің құзыреттілікке қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау бойынша шешім қабылдау үшін білім алушылардың іс-қимылдар тізбесі;

12) Модуль – дербес, ББН тұрғысынан аяқталған, нақты тұжырымдалған білімі, іскерлігі, дағдысы мен құзыреті, бірдей бағалау критерийлері бар БББның құрылымдық элементі;

13) Модульдік оқыту - БББ, оқу жоспары мен оқу пәндерін модульдік құру негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі;

14) Магистратура - кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде аяқтаумен тиісті ЖОО-да «магистр» дәрежесін беретін кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейі;

15) Дағдылар - белгілі бір зерттеулерді, жұмыстарды оқыту немесе жүргізу арқылы дамитын және жұмыс орнында да, күнделікті өмірде де белгілі бір зияткерлік немесе физикалық әрекеттерді орындау қабілетін сипаттайтын сапа;

16) ҰБШ - еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

17) Кәсіби қызмет саласы - жалпы интеграциялық негізі бар (ұқсас немесе жақын мақсаты, объектілері, технологиялары, оның ішінде еңбек құралдары) және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын болжайтын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы; ОП – единый комплекс основных характеристик образования, включающий цели, результаты и содержание обучения, организацию образовательного процесса, способы и методы их реализации, критерии оценки РО;

18) БББ – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

19) МК - МЖМББС белгілеген және білім алушылар міндетті түрде оқыту бағдарламасы бойынша оқитын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі;



20) Негізгі БББ (Major) - негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушыларға оқу үшін белгіленген БББ;

21) СБШ – салада мойындалған біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

22) БББ паспорты - бағдарламаны қысқаша сипаттау, оның ішінде: ББН және пәндер, олардың кәсіби саламен байланысының сипаттамасы (ҰБШ, СБШ және КС болған жағдайда), сондай-ақ еңбек сыйымдылығы мен оқыту тіліне қатысты мәліметтерді қамтиды;

23) КС - кәсіби қызметтің нақты саласында еңбек біліктілігінің, құзыреттілігінің деңгейіне, мазмұнына, сапасына және жағдайына қойылатын талаптарды айқындайтын құжат;

24) БББ Тізілімі – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының әзірлеген білім беру бағдарламаларының тізбесін қамтитын білім беру саласындағы уәкілетті органның «Жоғары білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесі» ақпараттық жүйесі; БН - білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша білім алушылар алған, көрсеткен білімнің, іскерліктің, дағдының, қалыптасқан құндылықтар мен қатынастардың бағамен расталған көлемі;

25) ОН – білім алушылардың БББ меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;

26) Дағдылар – қызметті жүзеге асыру және міндеттерді шешу үшін білімді қолдану және құзыреттілігін көрсету қабілеті (логикалық, интуитивтік, шығармашылық және практикалық ойлауды пайдалану);

27) Біліктілік деңгейі - күрделілік, еңбек іс-әрекеттерінің стандартты еместігі, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзыреттілік деңгейіне қойылатын талаптардың жиынтығы. Біліктілік деңгейі ҰБШ және СБШ дескрипторларының деңгейі мен мазмұнына сәйкес келеді;

28) Элективті пәндер - белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде ЖК мен ТП-не кіретін және білім беру ұйымдары енгізетін, білім алушының жеке даярлығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі мен қажеттілігін, қалыптасқан ғылыми мектептерді ескеретін оқу пәндері;

29) Білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) – олардың МЖМБСда көзделген оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүзеге асырылатын рәсім;

30) Білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушылардың оқу пәнін оқуды аяқтағаннан кейін оның бір бөлігінің немесе барлық көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында емтихан сессиясы кезеңінде өткізілетін рәсім;

31) Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау - ЖОО дербес айқындайтын әртүрлі бақылау (ағымдағы, межелік және қорытынды) және аттестаттау нысандарымен білім алушылардың білім деңгейін тексеру;

32) Қорытынды бақылау - аралық аттестаттау кезеңінде өткізілетін оқу пәні бағдарламасын меңгеру сапасын бағалау мақсатында білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың емтихан түріндегі нысаны;

33) Пререквизиттер (Prerequisite) – оқу үшін осы пәнді және (немесе) модульдерді оқуды аяқтағаннан кейін алынатын білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды және құзыреттерді қажет ететін пәндер мен (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа түрлері;



34) Постреквизиттер (Postrequisite) - оқытылатын пәнді және (немесе) модульдерді меңгеру үшін қажетті білімді, іскерлікті, дағдылар мен құзыреттерді қамтитын пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлері;

34) Пән бағдарламасы (Syllabus) - оқытылатын пәннің сипаттамасын, пәннің мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оларды зерделеудің тақырыптары мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, оқытушының/нұсқаушының талаптарын, білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін және әдебиеттер тізімін қамтитын оқу бағдарламасы.

НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР ЖӘНЕ СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережелер келесі нормативтік құжаттардың негізінде талаптарды ескере отырып әзірленген:

ҚР-ның «Білім туралы» заңы 27.07.2007 №319-III заңы

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 30.10.2018ж. №595

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары 20.07.2022ж. №2

Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары 20.04.2011ж. №152

Қашықтықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша онлайн оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидалары 20.03.2015ж. №137

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық 04.05.2023ж. №601 н/қ

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі 05.01.2024ж. №4

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Академияда іске асырылатын БББ-ның құрамын, құрылымын, мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын талаптарды реттейді.

2. БББ мазмұнының уақтылы әзірленуіне, сапасына, толықтығына және дұрыстығына, сондай-ақ БББ-ның қағаз түпнұсқасы мен электрондық нұсқасының сақталуына жауапкершілік даярлау бағыты бойынша АҚ-т төрағасына жүктеледі.



3. БББ-сы МЖМББС, ҰБШ, СБШ және КС-қа сәйкес Дублиндік дескрипторлар негізінде әзірленеді.

4. Бағдарламалар белгіленген мақсаттарға сәйкес келетіндей етіп әзірленуі тиіс. Бағдарламаны игеру нәтижесінде алынатын біліктілік нақты айқындалуы және түсіндірілуі тиіс және жоғары білімдегі ұлттық біліктілік құрылымының белгілі бір деңгейіне, демек, Жоғары білімнің Еуропалық кеңістігіндегі біліктілік құрылымына сәйкес келуі тиіс.

5. БББ-лары ОН-не бағдарланған болуы тиіс.

6. БББ-ларын әзірлеудің негізгі қағидаттары:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытудағы әлемдік трендтерге бағдарлану: студенттік орталықтылық, инновациялылық, жүйелік ойлау мен әлеуметтік коммуникацияны қалыптастыруға бағдарлану;

2) мамандар даярлаудың құзыреттілік моделі;

3) модульдік сипат;

4) пәнаралық;

5) білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығы, Еуропалық біліктілік шеңберіне (бакалавр/магистр/доктор) сәйкестендірілген біліктілік пен деңгейлердің келісілген (ұлттық және халықаралық) дескрипторларын пайдаланудың жүйелілігі;

6) ұлттық трендтерге бағдарлану - халықараландыру, білім беруді, ғылым мен өндірісті ықпалдастыру, цифрландыру;

7) Академияның стратегиялық басымдықтарына сәйкестігі.

7. Академиядағы білім беру процесі оқытудың кредиттік технологиясымен ұйымдастырылған және білім алушылардың ОН-не қол жеткізуге бағытталған оқытудың жеке білім беру траекториясын таңдау және дербес жоспарлау негізінде жүзеге асырылады.

2 тарау. Білім беру бағдарламасын жобалау және әзірлеу

8. БББ жобалау және әзірлеуді АҚ-т жүзеге асырады. Жыл сайын оқу жылының басында Академия Ректорының бұйрығымен дайындық бағыттары бойынша АҚ-т құрамы бекітіледі (жаңартылады). Дайындық бағыттары бойынша қызметті үйлестіру АҚ-т төрағасына және БББ жетекшілеріне жүктеледі.

9. АҚ-т құрамына кіреді:

1) бітіруші кафедралардың меңгерушілері;

2) даярлау бағыттары бойынша БББ жетекшілері;

3) кафедра оқытушылары;

4) жұмыс берушілер, салалық сарапшылар;

5) білім алушылар мен бітірушілер.

10. АҚ-т құрамының негізгі қызмет түрлерінің бірі БББ дайындау, жобалау, әзірлеу және жетілдіру бағыттары бойынша БББ тізімін анықтау болып табылады.

11. Бірінші дайындық кезеңінде АҚ-т мүшелері тарапынан:

1) ағымдағы және болашақтағы нарық қажеттіліктері анықталады: қазіргі уақытта және болашақта қандай мамандар қажет (соның ішінде жаңа кәсіптер мен құзыреттер Атласына сәйкес); түлектердің жұмысқа орналасу перспективалары қандай (жетпеушілік, артықшылық, жаңа кәсіптердің/дағдылардың/құзыреттердің пайда болуы және т.б.).

2) әлеуетті кадрлар даярлау нарығына талдау және бағалау жүргізіледі: облыста/жақын өңірлерде, шетелдік жоғары оқу орындарында кадрларды даярлау нарығында бәсекелестіктің болуы; бәсекелестердің күшті және әлсіз жақтарын ескере отырып, бәсекелестік ортаны талдау.



3) БББ іске асыру үшін қажетті кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржылық ресурстарды талдау жүргізіледі.

12. Бұдан кейін, қажет болған жағдайда, ЖК тізбесі жаңа атаулармен толықтырылады.

13. БББ жобалау кезеңінде мыналарды орындау қажет:

- бітірушінің кәсіби қызмет саласын зерттеу (отандық СБШ, КС, лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары және басқа да құжаттарды талдау арқылы тиісті БББ студенттері үшін құзыреттердің бастапқы тізбесін қалыптастыру. Отандық КС болмаған жағдайда шетелдік құжаттар талданады);

- БББ-на сәйкес қызмет саласына тән құзыреттерді және олардың даму деңгейін анықтау;

- бағдарламаның ОН-рін қалыптастыру;

- БББ-сының құрылымын және пәндер тізімін анықтау;

- құзыреттердің, ОН мен бағалау өлшемдерінің өзара байланысын айқындау;

- оқыту және білім беру технологияларының әдістерін, білім алушылардың ОН-не қол жеткізуді бағалау құралдарын айқындау;

- ресурстарға қажеттілікті анықтау.

14. Зерттеу барысында мүдделі тұлғаларға (стейкхолдерлерге): жұмыс берушілерге (сала өкілдеріне), білім алушыларға, қойылатын біліктілік талаптарын (білімін, іскерлігін, дағдыларын және жеке құзыреттерін (қасиеттерін) айқындау мақсатында бітірушілерге сауалнама жүргізіледі. Сауалнаманы БББ жетекшілері дайындайтын (ӨҚЕБ-мен келісілген) сауалнаманы тарату жолымен жүргізіледі. Сауалнамаларда көрсетілген тілектер мен ұсынымдарды БББ әзірлеушілері ескеруі тиіс.

15. БББ-рын жобалау кезеңінде оқыту деңгейімен, КС талаптарымен және (немесе) жұмыс берушілердің талаптарымен/күтулерімен, сондай-ақ Академияның даму стратегиясымен шоғырландырылған құзыреттерге байланысты бағдарламалардың ОН-рі қалыптастырылады.

16. ОН-рі бағдарламаға бөлінетін академиялық кредиттердегі тиісті пәндердің еңбек сыйымдылығының көлемін айқындау үшін негіз болады. БББ жалпы еңбек сыйымдылығы МЖМББС-да көрсетілген тиісті деңгейдегі еңбек сыйымдылығынан кем болмауы тиіс. БББ-да пәндер мен ОН арасындағы өзара байланыс міндетті түрде анықталуы тиіс.

17. БББ-да ОН-лері көрсетіледі, Оларды сипаттау кезінде ECTS сәйкес ЖОО мынадай шарттарды ұстанады:

1) ОН-лері бағдарламаның мәтінін, деңгейін, көлемін және мазмұнын көрсетеді;

2) ОН-лері өзара байланысты болып табылады;

3) ОН-лері түсінікті болып табылады;

4) ОН-лері бағдарламаның оқу жүктемесі шеңберінде қол жетімді болып табылады;

5) ОН-лері тиісті оқу қызметімен, бағалау әдістері мен, өлшемдерімен байланысты болып табылады.

18. ОН-лерін жобалау кезінде БББ түлектерді келесі құзыреттермен жабдықтауы қажет екенін ескеру қажет:

- мінез-құлық дағдылары мен жеке басының қасиеттері (softskills);

- кәсіби дағдылар (hardskills);

- сандық дағдылар (digital skills).

19. ОН белсенді етістіктен басталады, студенттердің кәсіби қызметте және тұлғалық дамуда не істеуі күтілетінін, құзыреттерді қолдану арқылы кәсіби функцияларды жүзеге асыруды, алған білімдері мен дағдыларын қолдануды білдіреді. Тұжырымдау үшін әдетте



Блум таксономиясының белсенді етістіктері қолданылады. Пайдаланылуы мүмкін етістердің үлгі тізбесі **1-қосымшада** келтірілген.

20. ОН еңбек функцияларына және еңбек нарығының перспективалық қажеттіліктеріне бағдарлануы тиіс.

21. ОН өлшенетін болуы тиіс.

3 тарау. Білім беру бағдарламасының құрылымы және мазмұны

22. БББ-сының атауы бағдарламаның мазмұнын көрсетуі, қысқа, нақты, тартымды және ақпараттық болуы тиіс, сондай-ақ Сыныптаушыға сәйкес дайындық бағытына сәйкес келуі керек.

23. БББ-ның мақсаты қысқаша тұжырымдалуы керек, арнайы және синергетикалық түрде студенттер алуы керек ОН-лерін біріктіруі керек. БББ мақсаты өзектілік, нақтылық, қол жеткізу критерийлерімен сәйкес болуы керек.

24. Бұдан әрі бағдарламаның модульдерін/оқу пәндерін анықтау арқылы БББ мазмұны жобаланады. БББ кәсіби функциялар контекстінде әзірленген және мазмұны ұсынылған БББ шеңберінде мақсатқа және ОН-не жетуге мүмкіндік беретін оқу пәндерінің тізімінен тұрады.

25. Пәннің қысқаша сипаттамасында БББ-да ОН-не жету көрсеткіші ретінде пәннің мазмұнын ашу қажет. Пәннің сипаттамасында ешқандай анықтамалар, лекциялардан үзінділер, оқулықтар және т.б. болмауы керек. Пәндердің қайталануына немесе мазмұны бірдей әртүрлі пәндердің болуына жол берілмейді.

26. КС негізінде әзірленген БББ-да негізгі еңбек функциялары құзыреттілікте және ОН-лерінде жобаланады.

27. Модульдер мен пәндердің тізбесін анықтағаннан кейін құзыреттіліктер мен ОН-сінің контекстінде модульдер мен пәндердің кредиттердегі еңбек сыйымдылығы анықталады. Осының негізінде алдын ала және кейінгі реквизиттерді ескере отырып, БББ оқу жоспарының жобасы қалыптастырылады. Бұл ретте оқытудың бағыты мен деңгейіне (соның ішінде циклдар мен құрамдас бөліктерге) байланысты кредиттер саны бойынша Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын сақтау қажет.

28. БББ құрылымдық элементтерін әзірлеу кезінде модульдің/пәннің ОН-лерін тұжырымдауға ерекше назар аудару қажет.

29. ОН-лері бүкіл БББ деңгейінде де, жеке модульдер немесе оқу пәндері деңгейінде де қалыптасады.

30. Модульдің/пәннің ОН – бұл бұл білім алушы модульді/пәнді сәтті аяқтағаннан кейін не істей алуы тиіс екенін көрсететін көрсеткіш.

31. Бағдарламаның/модульдің/пәннің ОН тұжырымдағаннан және еңбек сыйымдылығын анықтағаннан кейін оқыту стратегиясы айқындалады.

32. Оқыту стратегиясы оқытудың инновациялық әдістері мен ақпараттық технологияларды пайдалануға бағдарлануға тиіс.

33. Студенттік орталықтандырылған оқыту кезінде білім алушы оқыту/оқыту орталығында болуы, сонымен бірге оқыту және шешім қабылдау процесінің белсенді қатысушысы болуы тиіс.

34. Оқу пәнін әзірлеу кезінде тиісті ОН-не қол жеткізуде оларды барабар, әділ бағалау үшін оқытудың және меңгеруді бағалаудың ОН-лерінің қандай әдістері ең қолайлы екенін анықтау қажет.

35. Бағалау әдістері бағдарламада мәлімделген ОН өлшенуін қамтамасыз етуі тиіс.



36. Пәндерді зерделеудің салыстырмалы тәртібі пре- және постреквизиттер жүйесі арқылы анықталады.

37. Әдетте, БББ бойынша 10-12 ОН көрсету орынды болып табылады. Алайда, ерекше жағдайларда БББ бойынша ОН аз немесе көп санын көрсетуге жол беріледі.

38. ОН 150-ден аспайтын таңбадан (бос орындарсыз) қалыптастыру ұсынылады.

39. Құзыреттілікке негізделген тәсілді пайдалана отырып, ОН құрастыру кезінде құзыреттерді біріктіру және/немесе жою арқылы топтастыруға болады. Сонымен бірге, құзыреттер саны БББ үшін ОН сәйкес келуі міндетті емес.

40. Құзыреттілік тұжырымдарының үлгілері

Жалпы осы мамандық бойынша жұмыс істейтін мамандар немен айналысады?

Ұшқыш мамандығы:

Қоршаған орта жағдайларын ескере отырып, әуе кемесін басқарады

Авиадиспетчер мамандығы:

Әуе кемелерінің ұшу экипаждары мүшелерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, әуе қозғалысына қызмет көрсетеді

Бұл қызметпен айналысу үшін не істеу керек немесе қандай дағдыларды меңгеру керек?

Ұшқыш мамандығы:

Қауіп-қатер мен қателіктер факторларын анықтау және бақылау дағдыларын меңгерген;

Ұшу бойынша міндеттерді бөлуді, экипаж мүшелерінің іс-қимылдарын үйлестіруді және т.б. қоса алғанда, экипажбен өзара іс-қимыл жасайды.

Авиадиспетчер мамандығы:

Радиотелефон байланысында пайдаланылатын тілде шығарылған аэронавигациялық ақпарат құжаттарын пайдалана алады;

Радиотелефон байланысында пайдаланылатын тілде радиобайланыс жүргізе алады және т.б.

БББ-лары бойынша оқыту нәтижелері:

Ұшқыш мамандығы:

Өртүрлі ауа райы жағдайларында әуе кемесін басқарады

Авиадиспетчер мамандығы:

Әуе қозғалысына қызмет көрсетуде әуе кемесінің ұшу экипажының мүшелерімен өзара әрекеттесуге қабілетті

Компетенция

Ұшқыш мамандығы:

Қауіптер мен қателер факторларын анықтауға және бақылауға қабілетті;

Ұшу бойынша міндеттерді бөлуді, экипаж мүшелерінің іс-қимылдарын үйлестіруді және т.б. қоса алғанда, экипажбен өзара іс-қимыл жасауға қабілетті.

Авиадиспетчер мамандығы:

Радиотелефон байланысында қолданылатын тілде жарияланған аэронавигациялық ақпарат құжаттарын пайдалана алады;

Радиотелефон байланысында қолданылатын тілде радиобайланысты жүргізуге қабілетті және т.б.

41. Меңгерілетін пәндер (модульдер) блоктары бойынша БББ құру моделі:

1) міндетті модульдер,

2) элективті пәндерді таңдау модульдері;

3) аралас немесе бейінді БББ бойынша қосымша құзыреттерді қалыптастыратын, білім алушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған Minor модульдері.

42. БББ мазмұнының алғы шарты әрбір бітірушінің барлық берілген ОН меңгеруін жеңілдететін білім беру траекториясын көрсететін білім алушы үшін икемді жеке жоспар құру мүмкіндігі болып табылады.



43. БББ құрылымы, әдетте, мынадай элементтерді қамтиды:
- 1) БББ паспорты;
 - 2) БББ мақсаттары мен міндеттері;
 - 3) Білім беру бағдарламасы түлектерінің моделі;
 - 4) Оқыту нәтижелерінің оқу пәндерімен арақатынасының матрицасы;
 - 5) Оқу жоспары (барлық оқу кезеңіне);
 - 6) ЭПК;
 - 7) Қосымша БББ (minor).
44. БББ макеті **2-қосымшада** келтірілген.
45. БББ құрылымына Академияның оқу-әдістемелік қызметіне жетекшілік ететін уәкілетті тұлғаның қажеттілігін негіздеген жағдайда қосымша элементтер енгізілуі мүмкін.
46. БББ мазмұнының құрылымы білім деңгейіне және даярлау бағытына байланысты МЖМББС-ның тиісті қосымшаларының талаптарымен айқындалады.
47. МЖМББС сәйкес бакалавриаттың БББ құрылымы ЖБП, НП және БП циклінен, оқытудың қосымша түрлерінен және қорытынды аттестаттаудан тұрады.
48. ЖБП циклінің көлемі 56 академиялық кредитті құрайды. Оның ішінде 51 академиялық кредит міндетті компонент пәндеріне бөлінеді.
49. ЖК пәндері және (немесе) ТК циклі кемінде 5 академиялық кредитті құрайды, олар білім алушыларда экономика және құқық саласындағы құзыреттерді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдыларын, ғылыми зерттеу әдістерін қалыптастыруға бағытталған.
50. НП және БП циклі оқу пәндерін, кәсіптік практикалардың түрлерін зерделеуді қамтиды және кемінде 176 академиялық кредитті құрайды.
51. НП және БП цикліне КС құзыретіне және (немесе) жұмыс берушілердің және (немесе) саланың талаптарына сәйкес келетін пәндер ғана енгізіледі.
52. Кәсіптік практикалардың көлемі салалық құжаттарда белгіленген нормативтерге байланысты белгіленеді. Мысалы, «Ұшуды пайдалану» БББ үшін кәсіптік практиканың көлемі ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламаларында белгіленген сағаттардың ұшуына байланысты.
53. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның барлық ЖК НП циклі «Ғылым тарихы мен философиясы», «Шет тілі (кәсіптік)», «Жоғары мектептің педагогикасы», «Басқару психологиясы» пәндерін, бейінді бағыт үшін - «Менеджмент», «Басқару психологиясы», «Шет тілі (кәсіптік)» пәндерін қамтиды.
54. МВА (ЕМВА) бағдарламаларына арналған ЖК әрқайсысы 3 кредиттен «Стратегиялық менеджмент» және «Бизнес-зерттеу» пәндерін қамтиды.
55. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада НП циклі магистратураның жалпы көлемінде 35 академиялық кредитті құрайды. Оның ішінде 20 академиялық кредит ЖК-ға бөлінген.
56. Бейіндік бағыттағы магистратурада магистратураның БББ жалпы көлеміндегі НП циклінің көлемі 10 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 15 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды. Оның ішінде ЖК пәндерінің көлемі 1 жыл және 1,5 жыл оқу мерзімімен 6 академиялық кредитті құрайды.
57. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі БББ жалпы көлемінде 53 академиялық кредитті құрайды.
58. Бейіндік бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі 29 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 49 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды, олар ЖК мен ТП арасында бөлінеді.



59. Ғылыми-педагогикалық магистратурасының БББ теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде өткізілетін практикалардың екі түрін қамтиды:

- 1) НП цикліндегі педагогикалық - ЖОО-да;
- 2) БП цикліндегі зерттеулік - диссертацияның орындалу орны бойынша.

60. Бейіндік магистратураның БББ БП цикліндегі өндірістік практиканы қамтиды.

61. Теориялық оқыту докторантураның БББ жалпы көлемінде 45 академиялық кредитті құрайды және ЖК және ТП пәндерін, қамтитын НП және БП циклдерінен тұрады.

62. Докторантураның БББ жалпы көлемінде докторанттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының көлемі 123 академиялық кредитті құрайды.

63. БББ әзірлеу сәтінде нормативтік сілтемелер қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер, білім беру қызметін регламенттейтін нормативтік құжаттар туралы ақпаратты қамтиды.

64. БББ паспорты кіретін бағдарламаның қысқаша сипаттамасын қамтиды: КБ атауы, коды, білім беру саласының жіктемесі, даярлау бағыттары, КБ топтары; ҰБШ/СБШ және КС-мен өзара байланыс; КБ ерекшелігі және т.б.

65. БББ-ның мақсаты мүмкіндігінше қысқа (1-3 ұсыныс), нақты және анық, білім алушы алуы тиіс құзыреттерді жинақтай отырып, тұжырымдалуы тиіс.

Мысалы, «Кең іргелі білімі бар, азаматтық авиация саласындағы өзгермелі талаптарға бейімделген, командада жұмыс істей алатын, болашақ кәсіби қызмет саласында қажетті құзыреті бар маманды даярлау».

66. Бітірушінің моделіне СБШ мен КС-тің неғұрлым егжей-тегжейлі ақпараты кіреді, оның ішінде кәсіптер тізбесі, қызмет саласы, құзыреттілігі, ОН тізбесі және т.б.

67. Пәндер мен оқу қызметінің басқа түрлері құзыреттердің түріне қарай модульдерге біріктіріледі.

68. Модульдерге бір/екі құзыреттілікке қол жеткізуге бағытталған және жалпы ОН бар пәндер мен оқу қызметінің басқа да түрлері біріктіріледі.

69. Модульдер БББ бойынша ОН түрлеріне және құзыреттеріне байланысты біріктірілуі тиіс.

Модульдерді біріктіру бойынша болжамды ұсынымдар:

Жалпы мәдени құзыреттілік модулі тілдік пәндерден басқа ЖБП циклінің міндетті құраушының пәндерін қамтиды.

Тілдік дайындық модулі (тілдік құзыреттілік) тілдерді, жазбаша және ауызша сөйлеуді меңгеру құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Тілдік дайындық модулі (тілдік құзыреттілік) тілдерді, жазбаша және ауызша сөйлеуді меңгеру құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Базалық даярлық модулі (жалпы кәсіптік құзыреттіліктер) НП циклі шеңберінде қалыптастырылатын жалпы кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Модульдер дайындаудың бір бағытындағы БББ үшін ортақ болуы мүмкін. Оқу практикасын қамтиды.

Кәсіби құзыреттіліктер модулі әрбір БББ үшін бірегей болып табылады және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Өндірістік практиканы қамтиды.

Қорытынды аттестаттау модуліне диплом алдындағы тәжірибе, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау, стартап кіреді.

70. АҚ-т отырыстарында барлық БББ немесе БББ бір тобы шеңберінде міндетті модульдер тізбесі және осы модульдерге кіретін пәндер, олардың көлемі, қажет болған жағдайда, БББ әзірленетін білім алушылар үшін қабылдау жылының алдындағы оқу жылының бірінші семестрінің соңына дейін қаралады.

71. Модуль кемінде екі оқу пәнін немесе бір және одан көп пәндерді оқу жұмысының басқа түрлерімен біріктіруді қамтуы тиіс.



72. Кәсіптік тәжірибелер, дипломдық жұмыстарды (жобаларды) /магистрлік/докторлық диссертацияларды (жобаларды) жазу және қорғау оқу пәндерімен мақсаттардың байланысы мен бірлігіне қарай тиісті БББ модульдеріне енгізіледі.

73. БББ құрылымы Оқу нәтижелерінің оқу пәндерімен арақатынасының матрицасы, бүкіл оқу мерзіміне арналған оқу жоспары, ЭПК және қосымша БББ (minor) **2-қосымшада** келтірілген нысандарға сәйкес ресімделеді.

74. ЭПК оқытудың барлық кезеңіне әрбір БББ бойынша жасалады.

4 тарау. Білім беру бағдарламаларын сараптау

75. Сараптама жаңа БББ әзірлеу және қолданыстағы БББ қайта қарау (өзектендіру) кезінде жүргізіледі.

76. АҚ-т қызметі шеңберінде сараптама жүргізуге төмендегілер тартылады:

1) жоспарланған ОН-нің КС және СБШ талаптарына сәйкестігін бағалайтын жұмыс берушілер (салалар), стратегиялық әріптестер **3-қосымшада** келтірілген нысан бойынша сараптамалық қорытындылар (тиісті ұсынымдармен бірге: оқу процесінде пайдалануға ұсынылады/ұсынылмайды) береді;

2) білім беру қызметтерін тікелей тұтынушылар болып табылатын білім алушылар (студенттер, магистранттар, докторанттар) немесе бітірушілер;

3) БББ әзірлеуге және іске асыруға қатыспайтын ПОҚ;

4) ұқсас БББ бойынша даярлауды жүзеге асыратын оқу орындарының өкілдері.

77. БББ сараптамасы кезінде БББ өзектілігі, қойған мақсаттар мен міндеттердің орындалуы, БББ құрастырудың толықтығы мен қисыны, білім алушылардың ОН-не қол жеткізуі және олардың КС талаптарына сәйкестігі бағаланады.

78. Сараптама БББ компоненттерінің сапасын оның өзара келісімділігінде - мақсаты, мазмұны, оқыту және оқыту әдістері, түпкілікті ОН, оның белгіленген талаптарға, мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне сәйкестігін анықтауы тиіс.

79. Сараптама кезінде білім беру саласындағы НҚА БББ-ның сәйкестігі, оның ғылыми негізділігімен бірге өзектілігі, даму перспективалары мен жолдары айқындалады.

5 тарау. Қосымша білім беру бағдарламалары (Minor)

80. Білім алушы ТП шеңберінде оқытудың жеке траекториясын анықтау кезінде пәндерді негізгі БББ (Major) және (немесе) қосымша БББ (Minor) бойынша таңдайды.

81. Minor - бұл негізгі БББ-нан (major) ерекшеленетін саладағы қосымша құзыреттер, мысалы, болашақ техника мен технологиялар бакалавры тиісті Minor-ды таңдап, кәсіпорында есепке алу, талдау және аудит бойынша қосымша құзыреттерді ала алады.

82. Minor аралас немесе бейінді БББ бойынша қосымша құзыреттерді қалыптастыру үшін, сондай-ақ білім алушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытылады.

83. Қосымша БББ бойынша таңдалған пәндердің көлемі 15-20 кредитті құрайды. Бұл ретте қосымша БББ пәндері негізгі БББ бойынша тиісті дәрежені беру үшін қажетті кредиттердің жалпы көлеміне енгізілуі мүмкін.

84. Minor бакалавриаттың екінші, үшінші және төртінші курстарында оқытылады, 3-4 пәннен тұрады (пән кемінде 5 академиялық кредитпен бағаланады, пәнді 3-4 академиялық кредитпен бағалауға жол беріледі) және

85. Minor бакалавриаттың бірінші курсының соңында барлық студенттерге таңдау үшін ұсынылады. Әрбір оқушы оқу үшін бір Minor таңдай алады.


86. Әрбір БББ студенті Minor ұсынатын бағдарламалардың жалпы санынан эдвайзердің көмегімен дербес тиісті Minorды таңдайды.

87. Minor пәндерін оқыту сабақ кестесіне сәйкес негізгі бағдарламамен бір мезгілде өтеді.


88. Minor білім алушыларға бірқатар пәндерді таңдау ретінде іске асырылады (өзара мазмұнды немесе байланыссыз - еркін Minor).

89. Егер таңдалған Minor мазмұны ішінара өткен пәндермен қиылысатын болса, онда студентке осы пәндерді оның таңдауы бойынша басқалармен (Minor пәндері) ауыстыру мүмкіндігі беріледі.

90. Minorды іске асыру схемасы 1, 2-суреттерде көрсетілген.



Сурет 1. «Стандарттық Minor»ды жүзеге асыру схемасы



Сурет 2. «Еркін Minor»ды жүзеге асыру



Қосымша 1

Оқыту нәтижелерін тұжырымдау кезінде қолдануға болатын етістіктердің үлгілік тізімі

Білімді ашу үшін қолданылатын етістіктер	Анықтау, сипаттау, тізімдеу, табу, байланыстыру, бекіту, жазу, өлшеу, салыстыру, қайта қарау, алу, айқындау, көрсету, атау
Түсінуді ашу үшін қолданылатын етістіктер	Қорытындылау, сипаттау, салыстыру, жіктеу, қарсыластыру, түрлендіру, талқылау, ажырату, анықтау, бағалау, түсіндіру, тұжырымдау, мысалдар келтіру, түсіндіру, аудару, білдіру, иллюстрациялау, талқылау, болжау, ұсыну, таңдау
Пайдалану қабілетін ашу үшін қолданылатын етістіктер	Қолдану, бағалау, өзгерту, таңдау, көрсету, ашу, есептеу, қалай суреттеу, болжау, дайындау, өндіру, байланыстыру, көрсету, шешу, зерттеу, тексеру, есептеу, құру, өзгерту, жіктеу, эксперимент жасау, шешім қабылдау керектігін түсіндіру
Талдау қабілетін ашу үшін қолданылатын етістіктер	Талдау, бөлу, жіктеу, реттеу, салыстыру, қорытындылау, қарсыластыру, сынау, диагностикалау, түсіндіру, біріктіру, саралау, ажырату, зерттеу, негіздеу, қорытынды жасау
Синтездеу қабілетін ашу үшін қолданылатын етістіктер	Есептеу, бекіту, біріктіру, құрастыру, қорытындылау, құру, алу, әзірлеу, тұжырымдау, жалпылау, орнату, түрлендіру, біріктіру, ретін өзгерту, ұйымдастыру, жоспарлау, ұсыну, ойлап табу, қайта құру, есеп беру, қайта қарау, таңдау, жалпылау, синтездеу, оқыту, айту
Бағалау дағдыларын ашу үшін қолданылатын етістіктер	Бағалау, құндылықты анықтау, шешім қабылдау, анықтау, саралау, ұсыну, таңдау, ажырату, таңдау, салыстыру, қорытындылау, сынау, қорғау, бағалау, растау, рейтинг жасау, жалпылау
Мәселелерді шешу дағдыларын ашу үшін қолданылатын етістіктер	Шешім қабылдау, таңдау, анықтау, ұсыну, жоспарлау, растау, бағалау, тұжырымдау, іс-қимыл тәртібін сипаттау, әзірлеу, нұсқаларды ұсыну
Қарым-қатынас дағдыларын ашу үшін қолданылатын етістіктер	Қарым-қатынас жасау, білдіру, түсіндіру, жауап беру, пікірталас, қорғау, шолу жасау, емтихан тапсыру, айту, үйрету, ұсыну, қорытынды жасау

Ескертпе: ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚтан <https://enic-kazakhstan.edu.kz/reestr-op/ovpo-1>



Қосымша 2

Білім бері бағдарламасының макеті

«АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ АКАДЕМИЯСЫ» АҚ
АО «АКАДЕМИЯ ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ»
«CIVIL AVIATION ACADEMY» JSC



Білім беру бағдарламасының коды және атауы
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА
код, наименование образовательной программы

EDUCATIONAL PROGRAM
Code and name of an educational program

Алматы, 20__



«АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ АКАДЕМИЯСЫ» АҚ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және жіктелуі	
Даярлау бағытының коды және жіктелуі	
Білім беру бағдарламасының коды және аталуы	

Білім деңгейі	
Берілетін дәреже	

	Бекітілген	Бекітуге ұсынылған	Қарастырылған
Лауазымы	Төраға	Төраға	Төраға
Өкілетті орган	Ғылыми кеңес	Академиялық кеңес	Даярлау бағыты бойынша академиялық комитет
Отырыс хаттамасының №			
Күні			
ТАӘ			
Қолтаңба			



Білім беру бағдарламасының коды және аталуы _____
білім беру бағдарламасын « _____ »
даярлау бағыты бойынша академиялық комитет әзірлеген

Лауазымы	Жұмыс орны	Т.А.Ә	Қолтанба және (немесе) ұйымның мөрі
БББ ның жетекшісі			
Профессорлық-қытушылық құрам			
Жұмыс берушілер (сала өкілдері)			
Білім алушылар			
Жалпы білім беретін кафедралардың өкілдері			
	Кафедра « _____ »		
	Кафедра « _____ »		
	Кафедра « _____ »		



№	Мазмұны	Бет
1.	Білім беру бағдарламасының паспорты	
2.	Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері	
3.	Білім беру бағдарламасы түлектерінің моделі	
4.	Оқу нәтижелерінің оқу пәндерімен арақатынасының матрицасы	
5.	Бүкіл оқу мерзіміне арналған оқу жоспары	
6.	Элективті пәндер каталогі	
7.	Қосымша білім беру бағдарламалары (MINOR)	



1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

№	Аталуы	Сипаттамасы
1.	Білім беру саласының коды және жіктелуі	
2.	Дайындық бағыттарының коды және жіктелуі	
3.	Білім беру бағдарламаларының коды және тобы	
4.	Білім беру бағдарламасының коды және аталуы	
5.	Реестрдегі тіркелу номері	
6.	Білім деңгейі	
7.	ҰБШ/СБШ бойынша мамандық деңгейі	
8.	СБШ аталуы	
9.	Кәсіби стандарттар	
10.	БББ ерекшеліктері	
11.	Оқу нысаны	
12.	Оқу тілі	
13.	Кредиттер көлемі	
14.	Берілетін академиялық дәреже	
15.	Алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар	
16.	БББ аккредитациясының болуы (мерзімін көрсету)	
17.	БББ жетекшісі (ТАӘ, ғылыми дәрежесі/атағы)	


2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Білім беру бағдарламасының мақсаты мүмкіндігінше қысқа тұжырымдалуы, білім алушылар алуы тиіс құзыреттерді анық және нақты жинақтауы тиіс.

Білім беру бағдарламаларының негізгі міндеттері: тұлғаны қалыптастыру; қоғамда тұлғаның әлеуметтенуі; кәсіпті таңдау және кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеру.



3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТҮЛЕГІНІҢ МОДЕЛІ



4. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ОҚУ ПӘНДЕРІМЕН АРАҚАТЫНАСЫНЫҢ МАТРИЦАСЫ

№	Пәндердің атауы	Модуль атауы	Құзыреттер	ECTS саны	Қалыптасатын оқу нәтижелері								
					ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	...	ОН...
Жалпы білім беру пәндерінің циклы													
Міндетті компонент/Жоғары оқу орнының компоненті/Таңдау компоненті													
1	Қазақстан тарихы	Модуль 1 – Жалпы білім беру пәндері	ОҚ, КҚ 1										
Базалық пәндер циклі													
Жоғары оқу орнының компоненті/Таңдау компоненті													
Бейіндік пәндер циклі													
Жоғары оқу орнының компоненті/Таңдау компоненті													



5. ОҚУ ЖОСПАРЫ

Модуль	Пәннің коды	Пәндердің аталуы	Жалпы еңбек сыйымдылығы		Бақылау формасы семестр		Оқу жүктемесінің көлемі, байланыс сағаттары					Семестрлер бойынша бөлінуі								Кафедраға бекіту	
			Академиялық сағатпен	Академиялық кредитпен (ECTS)	Экзамен	КЖ (КЖ)	Барлық сағат	Академиялық сағаттағы аудиторнаялық сабақтар			СӨЖ		1 курс		2 курс		3 курс		4 курс		
								лекции	практика	лаборатория	СӨӨЖ	СӨЖ	1 сем.	2 сем.	3 сем.	4 сем.	5 сем.	6 сем.	7 сем.		8 сем.
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛІ																					
Міндетті компонент			1530	51			1530														
	<i>IK II...</i>	<i>Қазақстан тарихы</i>	150	5	1																ЖБП
	<i>Fil I...</i>	<i>Философия</i>	150	5																	
Жоғары оқу орнының компоненті және (немесе) таңдау компоненті			150	5																	
.....																					
Барлығы ЖБП циклы бойынша			1680	56			1680														
БАЗЫЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛІ																					
Жоғары оқу орнының компоненті																					
Таңдау компоненті																					
Барлығы Базалық пәндер циклы бойынша																					
БЕЙІНДІ ПӘНДЕР ЦИКЛІ																					
Жоғары оқу орнының компоненті																					
Таңдау компоненті																					
Барлығы Бейінді пәндер циклы бойынша																					
Қорытынды аттестаттау																					
MINOR бағдарламалары																					



Қосымша 3 Сараптамалық қорытындылардың нысандары

Білім беру бағдарламасына
САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру бағдарламасының коды және атауы (БББ)	
Даярлау бағытының коды мен атауы	
Білім деңгейі	<input type="checkbox"/> «Бакалавриат», <input type="checkbox"/> «Магистратура», <input type="checkbox"/> «Докторантура»
БББ әзірлеуші	«Азаматтық авиация академиясы» АҚ

Білім беру бағдарламасының бағалануы			
Көрсеткіш	Иә	Иә, ішінара	Жоқ
Жұмыс берушілердің (саланың) өкілдері толтырады			
Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері жұмыс берушілердің (саланың) үміттеріне сәйкес келеді			
Модульдердің/пәндердің мазмұны ғылымның, техника мен технологияның қазіргі заманғы жетістіктеріне және жай-күйіне сәйкес келеді			
Кәсіби (түйінді) құзыреттер саланың кәсіби стандарттарына сәйкес келеді			

Қорытынды
Білім беру бағдарламасы салаға кадрларды даярлау сапасына <input type="checkbox"/> сәйкес келеді/ <input type="checkbox"/> ішінара сәйкес келеді/ <input type="checkbox"/> сәйкес келмейді және бекітуге ұсынылуы <input type="checkbox"/> мүмкін / <input type="checkbox"/> мүмкін емес.
Ескертулер, ұсыныстар мен ұсынымдар

САРАПШЫ - ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ (САЛАНЫҢ) ӨКІЛІ

Лауазымы, жұмыс орны	Қолтаңба	Т.А.Ә.
_____	_____	_____
	M.O.	

**Білім беру бағдарламасына
САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

Білім беру бағдарламасының (ОП) коды мен атауы	
Даярлау бағытының коды мен атауы	
Білім деңгейі	<input type="checkbox"/> «Бакалавриат», <input type="checkbox"/> «Магистратура», <input type="checkbox"/> «Докторантура»
БББ Әзірлеуші	«Азаматтық авиация академиясы»АҚ

Білім беру бағдарламасын бағалау			
Көрсеткіш	Иә	Иә, ішінара	Жоқ
ЖОО өкілдері толтырады			
Білім беру бағдарламасының МЖМБС талаптарына сәйкестігі			
Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері кәсіби стандарттар мен Дублин дескрипторларын ескере отырып қалыптастырылған			
Бітіруші моделі салалық біліктілік шеңбері мен саланың кәсіби стандарттарының талаптарын ескере отырып әзірленген			
Элективті пәндер каталогының білім беру бағдарламасының құрылымына, оқу жоспарының мазмұнына сәйкестігі			
Білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде жұмыс берушілердің пікірлері ескерілді			
Білім беру бағдарламасы модульдік құрылымды қолдана отырып әзірленген			

Қорытынды
Білім беру бағдарламасы салаға кадрларды даярлау сапасына қойылатын талаптарға <input type="checkbox"/> сәйкес келеді / <input type="checkbox"/> ішінара сәйкес келеді / <input type="checkbox"/> сәйкес келмейді және бекітуге ұсынылуы <input type="checkbox"/> мүмкін / <input type="checkbox"/> мүмкін емес.
Ескертулер, ұсыныстар мен ұсынымдар

САРАПШЫ - ЖОО ӨКІЛІ

Лауазымы, жұмыс орны	Қолтаңба	Т.А.Ә.
_____	М.О.	_____

